




# МЕРКІ ТЫНЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№139-140  
/10521-10522/  
сәрсенбі,  
9 қараша  
2016 жыл

№18 А.Қосанов атындағы тірек мектебіне — 80 жыл

## САМҒАТҚАН САҢ ҚЫРАҢДЫ ҰСТЫҚ ҰЯ

Осындай тақырыппен ауданымыздағы қарашаңырақ — №18 Ақкөз Қосанов атындағы тірек мектебі өзінің 80 жылдық мерейтойын атап өтті.

Әтіркүл ТӘЖІБЕКҚЫЗЫ, Расул МАЛЛАБАЕВ (суреттер), «Меркі тынысы».

...Киелі де, қасиетті білім ордасы бұл күні ерекше безендірілген. Келушілердің саны да көп. Білім ордасы ғимаратының алдында қаз-қатар тізіліп, сап түзеп тұрған балалардың қолдарында шарлар мен жалаушалар, әрбір келушіге сәлемдесіп, ыстық ықыластарын білдіруде.

Шақырылған қонақтарды жылы қарсы алып жатқан ұстаздар қауымының жайдары жүздерінен мерекеге деген ерекше құрметті көргендейсіз. Әрбір келушімен сәлемдесіп, төрге — көрме залына, одан соң концерттік бағдарлама қойылып жатқан үлкен залға қарай бастауда. Келушілердің арасында бүгіндері самайларын ақ қырау шалған, көшегі басшы да, көшегі ұлағатты ұстаз да бар.

Осынау мерекеге арналған салтанатты жиын аудандық Мәдениет үйінде өтті. Лед-экран мен сахна төрінен бейнежазбалар көрініс тауып, мектептің тарихи шежіресі туралы мағлұматтар беріле бастады. «Меркі өуендері» ұлт-аспаптары ансамблінің орындауындағы өсем өуен де көңіл



түспа-түс келіп отыр. Бізге дейін қазақтың қамын ойлаған, оның жоғын жоқтаған біртуар азаматтары болған. Соның бірі Шоқан Уәлиханов: «Біздің еліміз ел болуы үшін, қатарға қосылуы үшін

түсті.

— XX ғасырға дейінгі қазақтың жоғын жоқтаған азаматтарды қоспағанда, XX ғасырдың басында осы елді қайтсек, ел қыламыз деген Алаш азаматтары өздерінің өмірлерін қатерге тікті,

Жансүгірова, Қайып ақынның қызы, С.Сейфуллиннің немере қарындасы Мереке Қайыпова, техника ғылымдарының докторы, профессор Сәбит Жұмабайұлы және т.б. еді.

— Халқымызда «Аяулы

сақталған. XI-XIII ғасырлар — жалпы Түркі тектес халықтардың даңқы шыққан, «Жібек жолының» құлпырып тұрған бір кезеңі-тін. «Жібек жолының» бойында біздің бабаларымыз құрып, бой көтерткен, рухани деңгейі өте жоғары қалалар көп болды. Осы Меркі де орта ғасырдағы «Жібек жолының» бойындағы үлкен рухани орталық болған, оған көптеген тарихи деректер бар... Меркінің тек, өткені емес, болашағы да зор, — деген Мұрат Мұхтарұлы Әуезов, №18 Ақкөз Қосанов атындағы тірек мектебінің директоры Әсіпат Асанқызына анасы туралы жазылған «Фатима» атты кітабын, тағы басқа да кітаптарды сыйға тартты.

Сөз алған Ілияс Жансүгіровтың ұлы, Болаттың жары Қарлығаш Жансүгірова да Фатима анасы, оның Меркі топырағындағы еңбек жолы туралы естіген естеліктерін тебірене айтып, мектеп қорына бірнеше кітаптарды табыс етті.

Мерекелік кеш барысында мектеп ұжымының өз күшімен қойылған концерттік бағдарламасы жиналған көпшілікке тамаша көңіл-күй сыйласа, мектеп шежіресінен әлсін-әлсін бейнежазбалар, бұрын еш жерде жарияланбаған суреттер көрсетіліп, тарихи фактілерден мысалдар келтірілді.

Бұл күні Қазақ елінің ғылымы мен өнеріне, көптеген жетістіктеріне айтарлықтай үлес қосқан ғалымға

сол жолда өмірлерін қиды да. А.Байтұрсыновтың айтқан сөзі бар: «Қазақтың төрінде бір орын болса, ол — ұстаздікі» — деп. Осыны қарап отырсаңыздар, біздің ел болуымыз үшін не керек екенін бізге дейінгілер жақсы айтып кеткен. Елбасымыз да осыған ой қосты: — Біздің еліміз ел болуы үшін — Тәуелсіздік керек, біздің еліміз ел болуы үшін — білім керек, халықтың ынтымағы мен бірлігі керек, — деді ол. Президентіміз 25 жыл бойы елімізді ынтымаққа, бірлікке бастап келеді. «Болатын ел — арманшыл болады, болмайтын ел — жанжалшыл болады» — деген. Елбасымыз алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарына қосылайық, дамыған 30 елдің қатарына қосылайық, Мәңгілік Ел болайық — деп жол көрсетіп, алдыңғы қатарлы елдердің қатарына бастап келеді, — деді М.Өмірбеков.

Одан соң аудан басшысы мерекелік жиынға келгендерді бүгінгі қонақтармен таныстырды. Олар: осы мектепте еңбек еткен, алғашқы ұйымдастырушыларының бірі, оның онжылдық болуына үлесін қосқан, асыл анамыз Фатима Ғабитқызының ұлы, Мұхтар Әуезовтей ұлы тұлғаның туяғы — Мұрат Мұхтарұлы Әуезов, елдің аяулы азаматы Алтай Қадыржанұлы, профессор, академик Есен Әлібаев, І.Жансүгіровтың келіні Қарлығаш

тұлғаның артында асыл ана тұрады» — деген тамаша сөз бар. Сөз кезегін сондай белгілі тұлға, қоғам қайраткері Мұрат Мұхтарұлы Әуезовке беремін, — деді Мейірхан Азатұлы.



Алдыңғы қатарда мектеп түлектері

қошын көтеріп тастады.

Құттықтау сөз кезегін аудан әкімі Мейірхан Азатұлы Өмірбеков (жоғарғы суретте) алды:

— Биылғы жыл елімізде ерекше мерекелі жыл болып отыр. Тәуелсіздікке — 25 жыл. Ұлт-азаттық қозғалысына — 100 жыл. Міне, бүгін қарашаңырақ мектебіміздің 80 жылдығы осы мерекелермен

ең бірінші — азаттық керек, екінші — білім керек» — деген еді. Сол азаттықты біз алдық, оны көру бізге — бүгінгі ұрпаққа бұйырыпты. Енді білім керек. Осы ретте қазақтың аяулы азаматы Мұхтар Әуезовтің: «Ел мен елді қатарға қосатын — ол білім» — деген тамаша сөздері еске оралады, — деген Мейірхан Азатұлы сөзін әрі қарай сабақтай



Мерейтойға арналған стенд алдында

— Өзімді меркілікпін деп санаймын, — деп бастады өз сөзін Мұрат Мұхтарұлы (жоғарғы суретте, оң жақта). — Меркі — үлкен құрметке тұратын қала. Тау жаққа, Меркі өзенінің басталатын бойына қарасаңыз, сақ дәуірінен қалған, сонау өткен замандардағы ұлы-ұлы тұлғалардың қолтаңбалары — мүсіндер, тасқа салынған суреттер

да, көшегі басшыларға да, бүгінгі зейнет демалысындағы ұлағатты ұстаздарға да зор құрмет көрсетілді.

Соңынан, түс ауа, өмірден озса да, артында өшпестей із қалдырған көшегі ұстаздар қауымына, қарашаңырақтың түлектеріне арналып, ас берілді.



# БЕРІК БОЛСЫҢ, ТУҒАН ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ, НҰРЛЫ БОЛСЫҢ, ТӘУЕЛСІЗДІК ҒҰМЫРЫ!

## АСПАРА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ

### АСПАРАМ – АЛТЫН ҰМАҒЫМ

Қуатбек Бикеев, Аспара ауылдық округінің әкімі:

Өткен ғасырдың орта шенінде, тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде, атағы аспандап, оңтүстік өңірдегі астықтың алтын ордасына айналдырған «Аспара» совхозының аумағында бүгіндері Аспара және Қайыңдысай деп аталатын екі елді мекен орналасқан. Олар саяси-құрылымдық жағынан Аспара ауылдық округіне қарайды.

Аспара ауылдық округінде 300 түтін бар, 1710 тұрғын тұрады. Мұнда «Аспара» өндірістік кооперативі, ауылдық дәрігерлік емхана, ауылдық клуб үйі және №2 «Аспара» орта мектебі жұмыс істейді. Мектеп жанында 25 бұлдіршінге арналған шағын топ ұйымдастырылып, мектепке дейінгі тәрбие берумен айналысуда. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдық тарихында аспаралықтар айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Нарықтық экономиканың алғашқы қиындықтарын бүкіл елмен бірге көтерген ауыл-аймақ бүгіндері жасарып, жаңара түскен. Атап айтар болсақ, 2008 жылы №2 «Аспара» орта мектебі жанынан

спорт зал салынды. Бұл – еліміз еңсесін көтеріп, әлеуметтік салаларға мемлекет тарапынан қаражаттар бөліне бастаған тұс болатын. Артынша ауылдық дәрігерлік емханасы мен орта мектеп қазандығы күрделі жөндеуден өтіп, 2011 жылы «Ақ бұлақ» бағдарламасы бойынша Аспара ауылының 7 көшесіне және Қайыңдысай ауылының бір көшесіне ауыз су жүргізілді.

2012 жыл аспаралықтарға көп қуаныш сыйлады. Осы жылы Аспара көшесінің бойынан 100 орындық ауылдық клуб үйі салынып, пайдалануға берілді. Ауылдың А.Балапанов, Целинная көшелері жарықтандырылды, Центральная көшесінің бойынан балалардың ойын



алаңы салынды.

2013 жылы Аспара ауылының А.Балапанов, Целинная, Центральная көшелерінің жолдары күрделі жөндеуден, ал 2015-2016 жылдары Қайыңдысай ауылындағы Н.Рақыш, Сәдуақас, Октябрьская көшелері, сондай-ақ, Аспара ауылындағы Аспаринская, Садовая, А.Сейтжапар көшелерінің жолдары ағымды жөндеуден өткізілді.

2015 жылы аспаралықтар мен қайыңдысайлықтар газ құбырларын жүргізіп, үйлерінде кегілдір отын тұтатты. Осы жылы «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Аспара ауылындағы орталық ойын алаңының жан-жағы қоршалды.

Биыл «Жасыл белдеу» бойынша 6

гектар жер бөлініп, талдар отырғызу жоспарлануда. №2 «Аспара» орта мектебі жанынан шағын стадион салу да ойымызда бар.

Ауылдағы клуб жанынан «Мерейлі әжелер» тобы мен қол өнері үйірмесі құрылып, жұмыс істеуде. 2015 жылы Аспара ауылдық клубы облыстық «Үздік клуб» байқауына қатысып, жүлделі 3-орынды иемденсе, «Мерейлі әжелер» тобы биылғы жылы аудандық «Парасатты әжелер» байқауында 3-орынды жеңіп алды.

Ауылда 2008 жылы футбол командасы құрылған болатын, ол тұрақты жұмыс істеп, түрлі аудандық жарыстарға қатысып, қатарына жастарды тартып, салауатты өмір салтын насихаттап жүр.

Аспара ауылдық округі аумағында барлығы 30 шаруа қожалығы жұмыс істеп, ел игілігі жолында тер төгіп жүр. Әсіресе, олардың қатарында «Қайырбек», «Советхан» және «Ағайындар» жеке шаруа қожалықтары жүйелі жұмыстарымен, оңды нәтижелерімен қуантуда.

## ЕҢБЕК ЕТСЕҢ, ЕРІМБЕҮ, ТОЯДЫ ҚАРНЫҢ ТІЛЕМБЕҮ

«Қайырбек» шаруа қожалығының төрағасы Мұратбеков Қайрат Тілеукешұлының қарамағында 1391 гектер егістік жер көлемі бар. 2016 жылы шаруа қожалығы 900 гектар жерге арпа, ал 200 гектер жерге күздік бидай егіп, жақсы өнім алды.

Еңбек десе, ерінбейтін Қарабай Жексенбек Советханұлы жетекшілік ететін «Советхан» шаруа қожалығындағы жалпы жер көлемі 490,67 гектарды құрайды. Ол басқаратын қожалық 2016 жылы 225 гектар жерге арпа, 30 гектар жерге күздік бидай, сондай-

ақ, 79 гектар алқапқа мақсары егіп, жақсы өнім алып отыр.

Ағайындар» жеке шаруа қожалығының төрағасы Тулебаев Серікбол өз ісіне тиянақты жан. Оның қарамағындағы жалпы жер көлемі 145,86 гектар болса, ол мал шаруашылығымен де айналысып, ойдағыдай өнім алып отырған жеке кәсіпкер. Кәсіпкерліктің қыры мен сырын жетік меңгерген С.Тулебаевтың алға қойып отырған мақсаттары мен міндеттері зор, өйткені ол кәсіпкерлікті дамытудан мол пайда көретініне сенімді.



Арнайы бетті дайындаған Әтіркүл ИСАЕВА

## ӘСЕМ ӘНІ СЫРНАЙДАЙ...

Қызмет бабында жүріп, түрлі іс-шараларда Аспараға ат ізін салған сайын, аққұбаша келген апайдың жүріс-тұрысына, іс-әрекетіне, ашық-жарқын мінезіне қарап, «белсенді апа» деп атайтынымыз. Бұл – «Мерейлі әжелер» тобының жетекшісі Тілеуқабылова Кәртенкүл Смайылқызы еді.

Кәртенкүл апа 1948 жылдың күзінде осы Аспара ауылында дүниеге келіпті. Тың игеріле бастаған жылы 1-сынып есігін ашқан бригадир Смайылдың қызы, мектепті 1966 жылы Ақерменде бітіреді.

– Дипломсыз-ақ еңбекке араластым, Қайыңдысайдағы балабақшада 14 жыл бойына меңгеруші болып жұмыс істедім. Аралас топта 45 бала болатын, – деп еске алады алғашқы еңбек жолын өнші апа.

...1967 жылы ол Жетпісбай Қыстаубаевқа тұрмысқа шығып, 3 ұл, 3 қызды дүниеге әкеледі. Жан жолдасы Жетпісбай 1978 жылы өмірден озғасын, отбасының бар ауыртпалығы Кәртенкүл апайдың мойнына түседі.

Жастайынан өжет жан моймады, бар мақсаты – балаларын ешкімнен кем қылмай өсіру болды. «Ол үшін тек еңбек етуім керек» – деген ой асыл ананы алға жетеледі... 1978-1986 жылдары «Аспара» совхозының №2 бөлімшесінде қойма меңгерушісі, ал 1986 жылдан бастап, 2001 жылға дейін «Аспара» совхозындағы мұнай базасының меңгерушісі болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан.

Кәртенкүл Смайылқызы ауыл өміріне, ауылдастарының тұрмыс-тіршілігіне, әсіресе, жас ұрпақ тәрбиесіне немқұрайлы қараған емес. Сондықтан да болар қоғам белсендісі №2 «Аспара» орта мектебінде 15 жылға жуық уақыт ата-аналар комитетінің төрайымы болып, сан алуан іс-шаралардың бел ортасынан табылды. Оқушылардың автобуспен мектепке қатынауы, көшелерді жарықтандыру, спорт зал және жол салу мәселелеріне мұрындық бола білді.

– «Мерейлі әжелер» тобы бұдан 13 жыл бұрын құрылған болатын. Оның



ұйымдасуына сол кездегі ауыл әкімі Ақан Сәрсенбиев қолдау көрсеткенді. Алғашында 8 едік, қазір 5-еу қалып отырмыз. Амандық болса, қатарымызды толықтыру ойда бар, – дейді Кәртенкүл апай.

– «Мерейлі әжелер» тобының репертуарында халық өндері «Уғай-ай», «Сусамыр елдің жайлауы», «Замандас», «Үш қоңыр», «Ауылым», «Атамекен», «Мерейлі Меркі», «Катюша», «Землянка», «День Победы» және т.б. өндер бар.

Үйде қол құсырып, қарап қалмай, ауылын әсем өңге бөлеген Тілеуқабылова Кәртенкүл Смайылқызы бүгінде ұлдарын – ұяға, қыздарын – қияға қондырған бақытты ана. Кезінде қажырлы еңбегінің арқасында Польша, Чехословакия секілді Еуропа елдерін, Мәскеу мен Ленинградты аралап қайтуға мүмкіндік алса, бүгіндері сүйікті ұл-қызары еңбек ететін біресе, Ақтауға, біресе, Астана мен Алматыға қыдырып қайтады. Балалары мен немерелеріне деген сағынышын басқан соң, «Аспарам қайдасың» деп туған ауылына тартады...

Қуанышыңыз ортаймасын, ұзақ өмір сүріңіз, – демекпіз, асыл Анаға.



## Меркі ауданы бойынша ауылдық округтердің әкіміне тіркелінген кандидаттар

### ТІЗІМІ

(Сайлау – 2016 жылғы 25 қараша)

#### Жамбыл ауылдық округі

1. **Ахметжанов Абылай Әзімханұлы**, 1980 жылы туылған, аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы, Меркі ауылы, Мұхамеджанов бұрылысы 13 үй, 2 пәтер, ұлты қазақ.

2. **Медетбеков Асхат Оразымбекулы**, 1985 жылы туылған, аудан әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі бөлімшесінің басшысы, Ақтоған ауылы, Қосбармақов көшесі 39 үй, ұлты қазақ.

3. **Садықбеков Талғат Максимханұлы**, 1960 жылы туылған, Жамбыл ауылдық округі әкімінің орынбасары, Ақтоған ауылы, Қосбармақов көшесі 30 үй, ұлты қазақ.

#### Рысқұлов ауылдық округі

1. **Байболсынов Ербол Байболсынұлы**, 1979 жылы туылған, Меркі ауылдық округі әкімінің орынбасары, Жамбыл ауылы, Т. Абаев көшесі 2 үй, ұлты қазақ.

2. **Дулатбаев Тұрар Аманбайұлы**, 1985 жылы туылған, аудан әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімшесінің басшысы, Жамбыл ауылы, Т. Абаев көшесі 14 үй, ұлты қазақ.

#### АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

## СПИСОК

### кандидатов, зарегистрированных в акимы сельских округов Меркенского района

(Выборы – 25 ноября 2016 года)

#### Жамбылский сельский округ

1. **Ахметжанов Абылай Азимханович**, 1980 года рождения, начальник отдела внутренней политики акимата Меркенского района, село Мерке, переулок Мухамеджанова, дом №13, квартира 2, национальность казах.

2. **Медетбеков Асхат Оразымбекович**, 1985 года рождения, руководитель отдела службы управления персоналом аппарата акима, село Актоған, улица Косбармакова, дом №39, национальность казах.

3. **Садықбеков Талгат Максимханович**, 1960 года рождения, заместитель акима Жамбылского сельского округа, село Актоған, улица Косбармакова, дом №30, национальность казах.

#### Рыскуловский сельский округ

1. **Байболсынов Ербол Байболсынвич**, 1979 года рождения, заместитель акима Меркенского сельского округа, село Жамбыла, улица Т.Абаева, дом №2, национальность казах.

2. **Дулатбаев Тұрар Аманбаевич**, 1985 года рождения, начальник финансово-хозяйственного отдела аппарата акима, село Жамбыла, улица Т.Абаева, дом №14, национальность казах.

#### РАЙОННАЯ ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ

## ВКУСЕЖО И УЮТЖО

У каждого человека есть своя мечта, которая обязательно должна сбыться. Назира Абуева всегда мечтала о своем небольшом бизнесе, таком, чтобы он приносил людям пользу. Именно таким бизнесом стала для нее небольшая столовая, которую она открыла на первом этаже бывшего быткомбината в райцентре. В ней она реализует свои кулинарные способности, готовит для меркенцев вкусные блюда, пирожки, самсы, беляши, чай, кофе, фруктовые компоты и горячий шоколад.

#### Ольга АКИНИНА, «Меркі тынысы».

Столовая Назир Абуевой, и хозяйки, и отменного повара, всегда радушно открыта для постоянных и новых клиентов, которые решились сюда заглянуть, чтобы перекусить. Атмосфера здесь уютная, кухня вкусная и разнообразная, цены приятны для кошелка. Каждый день, для заходящих к ней в столовую постоянных клиентов, Назира Абуева (**на снимке**) предлагает горячие комплексные обеды, которые пользуются большим спросом.

В ее небольшой столовой чисто, комфортно и гостеприимно. Для приготовления еды имеется все необходимое: вода, газовая плита, микроволновка, красивая посуда, аккуратные столики, накрытые белоснежными скатертями, уютный декор. Готовит Назира вкусно и, главное, с душой, из качественных продуктов. Ведь если бы ее блюда и выпечка не нравились посетителям столовой, у нее бы не было столько клиентов. Да и цены у Назир доступные, ведь не каждый себе может позволить посещать дорогое кафе, а вот в столовой всегда можно отведать что-то вкусное и полезное. И ей самой нравится ее небольшой бизнес. Назире Абуевой приятно готовить и кормить людей, заходящих в ее уютную столовую, вкусной едой.



### Меркі ауданының мәдениет және өнер күні

Биыл ел Тәуелсіздігіне – 25 жыл! Осыған орай 3 қарашада көрші Шу ауданында «Тәуелсіздік – тұғырым, мәдениетім – мәртебем» атты Меркі ауданының мәдениет және өнер күні болып өтті.

Әтіркүл ТӘЖІБЕКҚЫЗЫ, Нұрдәулет ИСАТАЕВ (суреттер), Меркі-Шу-Меркі

## МӘДЕНИЕТ – ДОСТЫҚ «АРАЛЫ»



Гүл шоқтарын қояр сәтте

Шулықтар мерейлі Меркі жерінен келген қонақтарды кіре беріс шекарадан ыстық бауырсақпен, тәтті-шашуымен қарсы алды. Меркілік делегация өкілдері Төле би атамыздың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, іс-сапар аудандық Мәдениет үйінде жалғасын тапты.

Фан-фар берілісімен қос жүргізушінің қоңыр дауысы сахна төрінен әсем сазды әуен ырғағымен шығып жатты...

Шаттық сезім билеген бойымызды, Қауыштырды Тәуелсіздік тойы бізді. Қасиеттеп кие тұтқан туған жерін, Армысыздар, шулықтар – жаны ізгі. Шежіре сыр шертетін жапырағы, Төле би деп ән салар атырабы. Керей менен Жәнібек хандық құрған,

шымылдығын ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, жыршы-термеші Бейбіт Шошабаев арнайы «Арнауымен» ашып берді.

Сахнада Т.Ысқақовтың «Той толғауы» күйі. Орындаушы «Меркі әуендері» ұлт-аспаптар ансамблі. Одан соң өнер ұжымы С.Бәйтерековтың «Кішкентай» күйін тәгілтті. Ансамбльдің сүйемелдеуімен Тантай Ахметжанов Н.Төлегеновтың «Мерейлі Меркі» әнін нақышына келтіре орындап, шулықтарды риза етті.

Ақын, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Шырын Мамасерікова да сахна төріне көтеріліп, өзінің арнайы жазған өлең жолдарын оқып берді.

Әсем әуен... «Қазақ биін»

қол соқты.

Ортаға «Береке» әжелер тобы шыққанда, көрермен қауым риза көңілімен қол соғып, қарсы алды. Әжелерімізге сән берген әсем костюмдері мен тәгіліп тұрған алпақ кимешектері кімді де болса, сүйсіндірері анық еді. Олар «Қазақстан» әні мен халық әні «Беу айдайды» сызылта орындады.

Балуан Шолақтың «Ғалия» әнін асқақтата орындаған Досымбек Андабаевтың кең диапазонды үніне тәнті болған көрермен қауымы ризашылықпен қол соқты.

Әнші қыздарымыз Сағыныш Аязбаева, Гүлнұр Нұрлыбаева және Шолпан Орманқұловалардың орындауындағы жерлесіміз, сазгер Ш.Омаралиевтің «Жамбыл атам, жалғыз атам» әні мен итальян әні «Адажио» да орындаушылық шеберлігімен дараланды.

Домбырашылар тобы орындаған «Күй тартыс», М.Берикованың орындауындағы Л.Хамидидің «Бұлбұл» әні өзінше дараланса, «Меркі халық театрының» өртістері орындаған «Болғанбай апа» атты интермедия көпшілік көңілінен шықты.

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына және 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күніне арналған концерттен соң, «Меркі халық театрының» өртістері Ә.Әмзеевтің «Қара кемпір» шығармасынан үзінді көрсетіп, көрермендерге тамаша өнер туындысын сәтті сый ретінде тартулады.

Шу аудандық Мәдениет үйіне келушілер фойеде орналасқан меркілік шеберлердің қолөнер туындылары мен суретшілерінің шығармаларымен танысуға кеңінен мүмкіндік алғанын да атап айтуымыз керек.



Тантай Ахметжанов ән салуда

Қазағымның Шу – қара шаңырағы...

... Кең байтақ қазақ даласы. Аласапыран заман. Қазан төңкерісі. Колхоздастыру кезеңі. Ұлы Отан соғысы... Вокзал... Әскерге шығарып салу... Тәуелсіздік. Елбасының сайлануы. Ант қабылдау. Алғашқы жетістіктер. Теңгенің айналымға түсуі... бәрі-бәрі бейнетаспа арқылы көрермен назарына ұсынылуда.

Ортаға Меркі ауданы әкімінің орынбасары Марат Қасым шақырылып, құттықтау сөз кезегі берілді.

– ...Шу ауданын біз әрқашанда мақтанышпен айтып жүреміз. Өйткені, Қазақ хандығының алғашқы шаңырағы көтерілген жер – осы Шу өңірі. Қазақтың – қара шаңырағы, алтын бесігі ретінде қабылдаймыз. Бүгін біздер Сіздерге қызмет етейік, өнердегі табыстарымызбен бөлісейік деп келдік. Меркіліктердің өнерін тамашалаңыздар, – деді.

Мерекелік концерттің

орындаған «Меркі әуендері» ән-би ансамблінің бишілер тобына зал толы көрермен шын ықыласымен



Сахнада «Береке» әжелер тобы

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
(Жамбыл облысының Әділет департаменті). Нормативтік-құқықтық акті 2016 жылғы  
25 қазанындағы нормативтік-құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне  
№3189 болып енгізілді

## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, МЕРКІ АУДАНЫ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІ

Меркі ауылы №9-3 25 қазан 2016 ж.

## АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ІХ СЕССИЯСЫ

**«2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Меркі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы №46-4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына және «2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы №43-3 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Жамбыл облыстық мәслихатының 2016 жылдың 7 қазанындағы №5-6 шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3175 болып тіркелген) негізінде аудандық мәслихат

### ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «2016-2018 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» Меркі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы №46-4 шешіміне (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2869 болып тіркелген, 2016 жылғы 15 қаңтардағы №7-8 «Меркі тынысы –Меркенский вестник» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшада:

«9359115» сандары «9382672» сандарымен ауыстырылсын;  
«1242504» сандары «1055804» сандарымен ауыстырылсын;  
«4800» сандары «6300» сандарымен ауыстырылсын;  
«22000» сандары «21300» сандарымен ауыстырылсын;  
«8089811» сандары «8299268» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

«9507082» сандары «9530738» сандарымен ауыстырылсын.

4) тармақшада:

«6900» сандары «6801» сандарымен ауыстырылсын;  
қаржы активтерін сатып алу «6900» сандары «6801» сандарымен ауыстырылсын;  
Аталған шешімнің 1 және 5 қосымшалары осы шешімнің 1 және 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау алтыншы шақырылған аудандық мәслихаттың аудандық әлеуметтік-экономикалық, қаржы, бюджет пен салық және жергілікті өзін-өзі басқару, индустриялық-инновациялық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және 2016 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

**Ж.ОСПАНОВА,**  
**аудандық мәслихат сессиясының төрағасы.**  
**Е.НАРТБАЕВ,**  
**аудандық мәслихат хатшысының міндетін атқарушы.**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі  
(Жамбыл облысының Әділет департаменті). Нормативтік-құқықтық акті 2016 жылғы  
25 қазанындағы нормативтік-құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне  
№3189 болып енгізілді

## ЖАМБЫЛСКАЯ ОБЛАСТЬ, МЕРКЕНСКИЙ РАЙОН, РЕШЕНИЕ СЕССИИ МАСЛИХАТА

село Мерке №9-3 25 октября 2016 г.

## ІХ ВНЕОЧЕРЕДНАЯ СЕССИЯ РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

**О внесении изменений в решение Меркенского районного маслихата от 24 декабря 2015 года №46-4 «О районном бюджете на 2016-2018 годы»**

В соответствии со статьей 109 Бюджетного кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и на основании решения Жамбылского областного маслихата №5-6 от 7 октября 2016 года «О внесении изменений в решение Жамбылского областного маслихата от 14 декабря 2015 года №43-3» «Об областном бюджете на 2016-2018 годы» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №3175) районный маслихат

### РЕШИЛ:

1. Внести в решение Меркенского районного маслихата от 24 декабря 2015 года №46-4 «О районном бюджете на 2016-2018 годы» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №2869, опубликовано 15 января 2016 года в газете «Меркі тынысы – Меркенский вестник» за №7-8) следующие изменения:

в пункте 1:

в подпункте 1):

цифры «9359115» заменить цифрами «9382672»;  
цифры «1242504» заменить цифрами «1055804»;  
цифры «4800» заменить цифрами «6300»;  
цифры «22000» заменить цифрами «21300»;  
цифры «8089811» заменить цифрами «8299268»;

в подпункте 2):

цифры «9507082» заменить цифрами «9530738».

в подпункте 4):

цифры «6900» заменить цифрами «6801»;

приобретение финансовых активов цифры «6900» заменить цифрами «6801»;

Приложения 1 и 5 к указанному решению изложить в новой редакции, согласно приложениям 1 и 2 к настоящему решению.

2. Контроль за исполнением данного решения возложить на постоянную комиссию шестого созыва районного маслихата по вопросам социально-экономического, индустриально-инновационного развития, финансам, бюджету, налогам и местного самоуправления.

3. Настоящее решение вступает в силу со дня государственной регистрации в органах юстиции и вводится в действие с 1 января 2016 года.

**Ж.ОСПАНОВА,**  
**председатель сессии районного маслихата.**  
**Е.НАРТБАЕВ,**  
**и.о.секретаря районного маслихата.**

## БЖЗҚ туралы 5 сауал

# ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ ЕҢБЕКАҚЫДАН ҚҰРАЛАДЫ

Бүгін біз БЖЗҚ туралы 5 сауал айдарында БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шотына міндетті зейнетақы жарналарын тұрақты, уақытылы және толық аудару қажеттілігі туралы айтамыз. Сіздің белсенді еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі қамсыздандыруыңыз елеулі дәрежеде осыған байланысты. Осы орайда БЖЗҚ-ның Жамбыл облыстық филиалының операциялық бөлімінің Сарыкемер елді мекеніндегі қызмет көрсету орталығының бастығы Бақбергенава Қымбат Пәрікқызынан сұрастырған болатынбыз.

### 1. БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері неге байланысты?

БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшері БЖЗҚ-ға уақытылы аударылған зейнетақы жарналарының көлеміне, жиілігіне, ұзақтығына және толықтығына тікелей байланысты. Осыған орай БЖЗҚ салымшыларға БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агенттер аударымдарының уақытылы және толық болуын тұрақты түрде өз бетінше бақылауға кеңес береді. Зейнетақы жинақтарыңызды кез келген БЖЗҚ бөлімшесіне барып не интернет-хабарландыруды таңдап тексере аласыз.

### 2. Кім зейнетақы жарналарын төлеу бойынша агент бола алады?

Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есебіне жазатын) және БЖЗҚ-ға аударатын жеке немесе заңды тұлға, сонымен қатар, қызметін Қазақстан Республикасында шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға агент бола алады. Басқа сөзбен айтқанда, агент – сіздің жұмыс берушіңіз.

### 3. Агенттің міндеттері қандай және оларды бұзғандағы жауапкершілігі қандай?

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заңының (бұдан әрі – Заң)

39-бабының 10-тармағына сай агент БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын уақытылы есептеуге, ұстап қалуға (есепке жазуға) және төлеуге міндетті.

Заңның бұл нормалары бұзылса, нақты төленген және қызметкер кіріс алған жағдайда, агент уақытылы ұстап қалмаған (есебіне жазбаған) және (немесе) аудармаған міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сомасын мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе агенттер мерзімі өткен әрбір күнге (Мемлекеттік корпорацияға төлейтін күн қосылады) уәкілетті орган белгілеген қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің 2,5 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен бірге міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының пайдасына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін қызметкерлердің пайдасына аударуы тиіс (Заңның 28-бабының 1-тармағы).

Сонымен қатар, Заңның 29-бабының ережелеріне сәйкес агенттер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес әрбір қызметкер бойынша есептелген, ұсталған (есебіне жазылған) және аударылған міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын бастапқы есепке алуды жүргізуге міндетті және міндетті зейнетақы жарналарының салымшылары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары төленетін қызметкерлерге есептелген, ұсталған (есебіне жазылған) және

аударылған міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары туралы мәліметті есептің кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей ай сайын ұсынуға міндетті.

**4. Зейнетақы жинақтары жоқ не жеткіліксіз адамдар не істеуі керек?**

БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары жоқ не зейнетақы жарналары тұрақсыз аударылатын тұлғаларға, сондай-ақ, жұмысқа орналасқысы не қосымша жұмыс істегісі келетін адамдарға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің «Тұлғаларға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдамалар беру» мемлекеттік қызметінің стандартын өзірлегенін хабарлаймыз, қызметті Астана және Алматы қалаларының, облыстық маңызы бар аудандардың және қалалардың жергілікті атқарушы органдары, оның ішінде облыстардың Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары мен Астана және Алматы қалаларының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары тегін көрсетеді.

**5. Бұл қызметті пайдалану үшін не істеу керек?**


Мемлекеттік қызметті пайдалану үшін жергілікті атқарушы органдарға не [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталына өтініш білдіру қажет.

Аталған мемлекеттік қызметті көрсетудің түпкі мақсаты – өтініш білдірген тұлғалардың жұмысқа орналасуы.

Бұл ақпарат сізге пайдалы болады және БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарыңыздың өсуіне, оның ішінде жұмысқа орналасу арқылы өсуіне, осыған орай сіздің БЖЗҚ-дан алатын болашақ зейнетақыңыздың мөлшерінің ұлғаюына көмегі тиеді деп үміттенеміз.

**БЖЗҚ байланыс орталығы  
14-18 (Қазақстан аумағында  
қоңырау шалу тегін) [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)**

# УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ ПРИРОДНОГО ГАЗА!



**В целях обеспечения безопасной эксплуатации и исправного состояния газовых приборов, бытовые и коммунально-бытовые потребители обязаны заключить договор на техническое обслуживание с газораспределительной организацией, осуществляющей подачу газа, либо с независимой специализированной организацией, осуществляющей техническое обслуживание газопотребляющих систем, аттестованной в соответствии с законодательством РК в области промышленной безопасности.**

### НАПОМИНАЕМ!

При использовании газовых отопительных приборов для обогрева домов, необходимо строго соблюдать правила безопасности. Перед включением газовых приборов проверьте исправность вентиляционного канала и тягу в дымоходе. Категорически запрещается устанавливать заслонку (шибер) при пользовании газовыми отопительными приборами, перекрывать оголовки дымохода посторонними предметами, поскольку это препятствует созданию нормальной тяги в дымоходе. Как известно, при отсутствии тяги и нехватке кислорода для полного сгорания газа начинается образование угарного газа (СО). Это ядовитое вещество, без запаха и цвета, оно немного легче воздуха,

поэтому медленно поднимается вверх, действует на человека незаметно и может вызвать отравление и смертельный исход.

При слабой тяге или ее отсутствии, газовыми отопительными приборами пользоваться запрещено. При появлении в помещении запаха газа немедленно прекратить пользование газом, перекрыть краны к газовым приборам, открыть окна и форточки для проветривания, вызвать аварийную газовую службу по телефону «104».

Невыполнение своевременного технического обслуживания, а также отсутствие проверки состояния дымоходов и вентиляционных каналов могут привести к непоправимым последствиям – взрыву, пожару, отравлению угарным газом.

Согласно Правилам техни-

ческой эксплуатации систем снабжения природным газом в жилых домах собственники (арендаторы, наниматели) помещений (квартир) обеспечи-

вают:

- своевременную проверку состояния дымоходов и вентиляционных каналов, в том числе, соединительных патрубков, оголовков дымоходов. Вентиляционные и дымовые каналы должны проходить периодические проверки;

- не реже 1 раза в год проверять кирпичные дымоходы, асбестоцементные, гончарные, из специальных блоков жаростойкого бетона, а также вентиляционные каналы.

Всем потребителям природного газа перед отопительным сезоном необходимо проверить и очистить дымовые и вентиляционные каналы, независимо от их конструкции, и провести техническое обслуживание всех газовых приборов.

**Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог акимата района.**

Меркі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 қазандағы №9-3 шешіміне 1 қосымша  
Меркі аудандық мәслихатының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы №46-4 шешіміне 1 қосымша

## 2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТ

| Санаты      |    |    |                                                                                                                                                                        | Сомасы,<br>мың теңге |
|-------------|----|----|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|
| Сыныбы      |    |    |                                                                                                                                                                        |                      |
| Ішкі сыныбы |    |    |                                                                                                                                                                        |                      |
| Атауы       |    |    |                                                                                                                                                                        |                      |
| 1           | 2  |    |                                                                                                                                                                        | 3                    |
| 1           | 01 |    | 1. КІРІСТЕР                                                                                                                                                            | 9382672              |
|             |    |    | Салықтық түсімдер                                                                                                                                                      | 1055804              |
|             |    |    | Табыс салығы                                                                                                                                                           | 252545               |
|             |    | 2  | Жеке табыс салығы                                                                                                                                                      | 252545               |
|             |    | 03 | Әлеуметтік салық                                                                                                                                                       | 205105               |
|             |    | 1  | Әлеуметтік салық                                                                                                                                                       | 205105               |
|             |    | 04 | Меншікке салынатын салықтар                                                                                                                                            | 543754               |
|             |    | 1  | Мүлікке салынатын салықтар                                                                                                                                             | 451005               |
|             |    | 3  | Жер салығы                                                                                                                                                             | 8780                 |
|             |    | 4  | Көлік құралдарына салынатын салық                                                                                                                                      | 80469                |
|             |    | 5  | Бірыңғай жер салығы                                                                                                                                                    | 3500                 |
|             |    | 05 | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар                                                                                                        | 38400                |
|             |    | 2  | Ақциздер                                                                                                                                                               | 12000                |
|             |    | 3  | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер                                                                                                    | 3200                 |
|             |    | 4  | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар                                                                                                      | 22500                |
|             |    | 5  | Ойын бизнесіне салық                                                                                                                                                   | 700                  |
|             |    | 08 | Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер | 16000                |
| 2           | 06 | 1  | Мемлекеттік бақ                                                                                                                                                        | 16000                |
|             |    |    | Салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                 | 6300                 |
| 3           | 03 | 1  | Өзге де салықтық емес түсімдер                                                                                                                                         | 6300                 |
|             |    |    | Өзге де салықтық емес түсімдер                                                                                                                                         | 6300                 |
|             |    |    | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                                                                                                                             | 21300                |
| 4           | 02 | 1  | Жерді және материалдық емес активтерді сату                                                                                                                            | 21300                |
|             |    | 2  | Жерді сату                                                                                                                                                             | 20000                |
|             |    |    | Материалдық емес активтерді сату                                                                                                                                       | 1300                 |
|             |    |    | Трансферттердің түсімдері                                                                                                                                              | 8299268              |
|             |    |    | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                                                                                 | 8299268              |
|             |    |    | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер                                                                                                                                | 8299268              |

| Функционалдық топ                                                                                                                                                                     |       |                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                  | Сомасы,<br>мың<br>теңге |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                            |         |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|
| Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі                                                                                                                                                   |       |                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                  |                         |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                            |         |
| Бағдарлама                                                                                                                                                                            |       |                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                  |                         |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                            |         |
|                                                                                                                                                                                       |       | Атауы                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                  |                         |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                            |         |
| 1                                                                                                                                                                                     |       | 2                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                  | 3                       |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                            |         |
| 01                                                                                                                                                                                    | 112   | 001                                                                                                                                                                     | 2. ШЫҒЫНДАР                                                                                                                                                      | 9530738                 |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                            |         |
|                                                                                                                                                                                       |       |                                                                                                                                                                         | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер                                                                                                                            | 502809                  |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                            |         |
|                                                                                                                                                                                       |       |                                                                                                                                                                         | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты                                                                                                           | 27272                   |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                            |         |
|                                                                                                                                                                                       |       |                                                                                                                                                                         | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                        | 26772                   |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                            |         |
|                                                                                                                                                                                       |       |                                                                                                                                                                         | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                           | 500                     |                                                                                                                                                                        |                                                                                                                            |         |
